

Қарқаралы петициясындағы саяси-құқықтық идеяларының тәуелсіз Қазақстанда іс жүзіне асуының проблемалары

Байгелова Н.Е.

з.э.к., Сулейман Демирел атындағы университеті

Кешегі күнге көз жүгіртпей, өткен тарихты сараламай, болашаққа ешбір мемлекеттің нық әрі сенімді қадам жасай алмасы баршамызға айдан анық.

Әрбір халықтың өз тарихынан орын алған төл мәдениетімен қатар, құқықтық жүйелері де бар. Олар адамзат өркениетіне қосқан мәдениетімен мақтанады, сол құндылықтармен элем тарихының төрінен өздерінің орындарын алады. Белгілі ғалым А.Тоинби өзінің зерттеулерінде дүниежүзілік тарихта 21-ден астам өркениеттің түрлерінің дамығанын тілге тиек етеді. [1] Бұл өркениетке мысалы, қытай, египет, сирия, мексика, араб, православия, иран сияқты мәдениеттерді жатқызады. Сонымен қатар, әр халық өзінің тарихи дамуы барысында қалыптастырған құқықтық ескерткіштерін де мақтан тұтады. Дүние жүзіне әйгілі болып, саяси-құқықтық ілімдер тарихынан өздерінің орындарын алатын Юстинианның кодексі, Ману, Хамурапи заңдары, Самеческая Правда, Ұлы Француз революциясы қабылдаған Адам және азамат құқықтары декларациясы, Наполеонның азаматтық кодексі және т.б. көптеген құнды құқықтық құжаттар бүкіл адамзат тарихында мәңгі орын тепті.

Қазақ халқының бай мәдениеті және мақтануға тұрарлық тарихы бар. Белгілі заңгер-ғалым Сәкен Өзбекұлы бұл туралы мынандай тұжырым жасаған: „ Халықты мақтандыратын да, ұятқа қалдыратын да оның тарихы. Қазақ халқының бай жері, бай тілі және ұялмай мақтан тұтатын бай тарихы бар. Тек сол дүниелерімізді нарық заманында рухани азғындық, белсенді надандық күш алып бара жатқанда ұлтымыздың санасына сіңіру – ұлт алдындағы борышымыз.” [2] Өте құнды, бағалауға тұрарлық пікір. Шын мәнінде солай. Тарихтың қатпар-қатпар болып жатқан беттерінде бағалауға, мақтануға тұрарлық құнды ақиқаттар жетерлік. Солардың бәрін ой – елегімізден өткізіп, баға беру, қадірлеу және мақтан тұту, соның нәтижесінде патриотизмді қалыптастырып, күшейту – халық мұраты екеніне ешбір күмән туғызбаса керек. Атап айтқанда көшпелі қазақ өркениетін қалыптастырған „ Қасым ханның қасқа жолы” , „Есім ханның ескі жолы”. „Өз-Тәукенің Жеті Жарғысы” сияқты аса құнды құқықтық құжаттарымыз Европа мемлекеттері пір тұтатын құқықтық ескерткіштерден артық болмаса, ешбір кем емес. Көшпелі қазақ қоғамының заңдарын өте жоғары бағалаған қазақтың ойшылы, ағартушы демократ Шоқан Уәлиханов тебірене отырып былай деп атап көрсетті: „Тегінде біз әдетке жиі жүгінетін дамудың жоғарғы сатысының төменгі сатысымен үйлесімділігін ескергенде, шығарылған заңдарға, мысалы, мұсылман, қытай және орыстың Орыс правдасы заңына қарағанда, қазақтың әдеттегі правосының адамгершілік жағы басымдау. Қазақ заңында европалық жаңа кодексте сіресіп тұрған ескертетін, сескендіретін шаралар жоқ. Ру заны бойынша туыстардың бірінің ісіне бірі жауап беретін руластық жағдайы ру қатынасында іс-жүзінде көп пайда келтіріп отыр.” [3]

Бірақ, Ресей империясының отарлық саясатының нәтижесінде демократиялық және Гуманистік сипат пен формалық мағынадағы көшпелі қазақ өркениетінің заңдары, құқықтық нормалары біртіндеп орыстандырылуының нәтижесінде өзінің алғашқы мазмұндық сипатынан айрылып, дағдарысқа тап болды. Патша өкіметі прогрессивтік сипат мағынасындағы көшпелі қазақ цивилизациясының әлеуметтік тәжірибеде тексеріліп, өзінің құндылығымен дәлелденген нормаларды жою арқылы, орыс заңдарын енгізумен жергілікті халықты тырп еткізбей басқарып, отарлау саясатын пәрменді түрде жүргізу болды. Қазақ халқының біртуар қайраткерлерінің бірі ағартушы-демократ Ғұмар Қарашев осы мәселе туралы тебірене былай деп атап көрсетті: „Патша

өкіметінің ұлттар тұрмысын көріп, оларды көгертіп, көркейтумен ісі болмайды: ол әрдайым да халыққа көтере алмастай, оларды өзінің мейірімсіз тырнағында жаншумен болды. Һәм миллиондаған халықты, әсіресе шет ұлттарды, қалай да қараңғылық пен алаңсыз айуандыққа өз пайдаларын білместей меңіреу, керектерін сұрай алмастай мылқау етін ұстау қамында болып, сонымен ғана шұғылданды.

Бұдан шығатын белгілі мағына әркімге де күндей көрініп тұр. Патша үкіметі шет ұлттарды аздап болса да ағарту, олардың ғылым, өнерде артта қалғандарын алға бастыру туралы тіпті де қам жеген жоқ. Ол әрдайым да ұлттарды бір-біріне айдап салып, өшіктіріп, араларына қанды соғыстар ашып, әлсізін күштісіне талатумен болды. Бұл ұлттардың мекенінен аударып, аяғынан тоздырып жіберді, ескі үкіметтің мұнан басқа да шет ұлттардың білім, өнерін сөндіріп, өздеріне қас болған ғұрап-ғадеттерін қалдырып, діндерін жойып, бүтіндей, орысқа айналдыру сықынды ең нашар амалдары да болды.” [4]

Міне, осындай саясаттың нәтижесінде қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан құндылықтары жаппай дағдарысқа ұшырады, орыстың әкімшілік-құқықтық жүйесі қоғамдық қатынастарды шешілмейтін шиеленістерге ұшыратты, дау-дамай мен жанжалдарды шексіз көбейтіп, азаттық, теңдік, бостандық идеяларын жөргекте тұншықтырып отырды.

Бірақ, Бірінші Орыс революциясының тікелей әсерінен бұғауға маталған қазақ халқының көздері ашық, оқыған зиялылары 200 жылдан асқан отарлық саясатқа қарсы үндеу тастап, азаттық пен теңдікті ту етіп, ұлттық езгіге қарсы реформаторлық мағынаға ие болған Қарқаралы петициясын қабылдады. Оның мазмұны тек сол заманның ғана көкейтесті саяси-құқықтық мәселелеріне орналып қоймай, бүгінгі тәуелсіз Қазақстан Республикасында қарқындап жасалынып жатқан құқықтық реформалар мен тоталитарлық режимнен отарсыздану процестерінің тікелей жалғасы ретінде танылуда. Осыған орай Қарқаралы петициясында осыдан жүз жыл бойы көтерілген проблемалар қазіргі заманда өзінің нақтылы шешімдерін табуы, оның авторларын болашақты болжай білген ірі қоғам қайраткерлер санатына жатқызып, бұл құқықтық құжатты Қазақстанның жаңа тарихында бостандық пен ұлттық теңдікті тұңғыш рет жариялаған қазақ халқының тәуелсіздікке жетуде аңсаған бағдарламалық ұлттық манифесті деп танимыз.

Ғылыми негізде мұқият талдау жасап, қарасақ, шын мәнінде Қарқаралы петициясының әрбір баптарында, бекітілген тілек-талаптары қазақ халқының дәл бүгінгі мүдделерімен үндес және тығыз байланыста екенін аңғарамыз. Патша өкіметінің жергілікті халықты отарлық езгіге салудың ең негізгі саясаты жерді қазақтардың тікелей пайдалануынан тартып алып, Орталық Ресей мен Сібір аймақтарынан келген казактар мен шаруалар, дворяндар мен офицерлерге таратылып беруі болды. Қазақ жерін Ресей мемлекетінің меншігі деп жариялағаннан кейін (Уақытша ереже бойынша) талан-таражға салынды, келімсектерге аямай үлестірілді. Қарқаралы петициясының жерді қазақ халқының пайдалануына қайтаруды талап еткен идеялары Қазақстан Республикасы тәуелсіздік жариялағаннан кейін 1993 жылы қабылданған Конституциясында нақтылы өзінің шешімін тапты.

Атап айтқанда Конституцияда қазақ зиялыларының ой-арманын, саяси-құқықтық көзқарастарын былай деп бекітті: „Қазақстан Республикасының жері тұтас, ол бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайды.” [5]

Ал, 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясының 2-ші бабының екінші тармағы: „Республиканың егемендігі оның бүкіл аумағын қамтиды. Мемлекет өз аумағының тұтастығын, қол сұғылмауын және бөлінбеуін қамтамасыз етеді,” [6] – норманы қазақ халқының ғасырлар бойы аңсаған арманы ретінде нақтылы бекітті.

Бүгінгі тәуелсіз Қазақстанда Қарқаралы петициясы ұсынып, іс жүзіне асып жатқан мәселенің бірі, әрине, дін бостандығы. Ислам дініне қысым жасап, керісінше христиан дінін асқақтатып, заң тетіктерімен қазақтарды шоқындыру, соның нәтижесінде үлкен, кең көлемде орыстандыру саясатын іс жүзіне асыру мақсатын көздеген Ресей өкіметінің отарлау саясаты деген мақсатына жете алған жоқ. Қазақ халқы егемендікке қолы жеткеннен кейін патша өкіметі мен Кеңес мемлекеті мешіттер салуға тыйым салған әрекеттерінен арылып, дін бостандығын толыққанды дәрежеде кеңінен пайдалануда. Оған Конституцияның мына мағынадағы нормасы кепіл бола алады: „Қоғамдық бірлестіктер заң алдында бірдей. Қоғамдық бірлестіктер ісіне мемлекеттің және мемлекет ісіне қоғамдық бірлестіктердің заңсыз араласуына, қоғамдық

бірлестіктерге мемлекеттік органдардың қызметін жүктеуге қоғамдық бірлестіктерді мемлекеттік қаржыландыруға жол берілмейді.”

Дін бостандығын жариялаған Қазақстан Республикасының Конституциясы Қарқаралы петициясының әрбір мұсылманның бес парызының бірі-қажылыққа бару құқын бас муфтият арқылы-қарқынмен, барлық материалдық мүмкіндіктерді пайдаланып іс жүзіне асыруда. Қажылыққа баруға көптеген құқықтық шектеулер мен тосқауылдар қойған Ресей мемлекетінің отарлық әрекеттері Қарқаралы петициясы талап еткендей жоққа шығарылды, дін бостандығы барлық құқықтық тетіктермен қамтамасыз етілуде.

Қарқаралы петициясы жан дауысымен көтерген мәселенің бірі-қазақ тілінің тағдыры және болашағы. өзінің 5-ші бабында іс-қағаздарының бәрі тек қазақ тілінде жүргізіліп, чиновниктердің бәрінің қазақ ұлтынан тағайындалуын талап етуі қазіргі тәуелсіз Қазақстанда біртіндеп іс жүзіне асып жатыр. Көптеген облыстарда іс-қағаздар мемлекеттік тілде жүргізілуде, қазақ тіліне деген құштарлық қиындықтарға қарамастан біртіндеп қалыптасуда, оның рөлі арта түсуде. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 18 ақпан 2005 жылы Қазақстан халқына арнаған жолдауында былай деп атап көрсетті: „Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі-еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек.” [7]

Қарқаралы петициясының ұлтжанды, қайсар рухты авторлары отарлық саясаттың қылышынан қан тамып тұрған заманда қазақ тілінің мәртебесін асқақтатуды үлкен мәселе етін көтерген болса, тәуелсіз Қазақстанның бүгінгі таңында да көкейтесті мәселе болып отыр.

Тәуелсіз Қазақстанда құқықтық мемлекет құру идеясы тек жарияланып ғана қоймай, сонымен қатар нақтылы конституциялық тетіктер арқылы да іс жүзіне асуда. XX ғасырдың басында қазақ зиялыларының Қарқаралы петициясы көтерген адам құқықтарының тиімді қорғалуы, сотсыз, тергеусіз ешқандай жауапқа тартылмау және қаралған іс бойынша міндетті түрде қорғаушының қатысуы сияқты идеялар қазіргі Қазақстанның Конституциясынан, қылмыстық, қылмыстық іс жүгізушілік құқық жүйелерінен өзінің нақтылы шешімдерін тапты. Бассыздық пен заңсыздыққа жол бермеудің берік тетігіне айналды.

Шовинизм, бір ұлттың басқа ұлттарға үстемдік етуін жою, артықшылықтарға жол бермеу сияқты тең құқылықты қамтамасыз етуге бағытталған Қарқаралы петициясының саяси-құқықтық идеялары бүгінгі Қазақстанның Конституциясынан орын алды. Преамбулада „біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілсей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы жоғары жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз” [8] – деп атап көрсетілді. Жарияланған бұл құндылықтар мен қағидалар Қарқаралы петициясының тікелей жалғасы, азаттық идеясының тек қазіргі кезеңде ғана іс жүзіне асуының тікелей айғағы және жемісі. Сонымен қатар Конституциямыздың 19-шы бабы жариялаған: „Өркімнің ана тілі мен төл мәдениетін пайдалануға, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдап алуға құқы бар” [9] – нормасы әлеуметтік тәжірибеде іс жүзіне асуда. Зерттеуші Сәкен Өзбекұлының пікірі бойынша: „...Қазақ халқы барлық халықты бауырына басты, тең құқылықты айырықша қамтамасыз етті. Тіпті Ресейдің қазақ халқының пайдалануынан жерін тартып алып, шөл далаға қуып, өлімге айдап жатқанның өзінде қазақтың зиялы тұлғалары халықтар достығын, теңдік идеясын асқан парасаттылықпен мойындады...”

Қазіргі тәуелсіз Қазақстанда ұлы қайраткерлеріміз салған сара жол өзінің үндестігін табуда... Салыстырып қарайтын болсақ, тіпті өркениетті деп саналатын Европа мемлекеттерінің Конституцияларында автохтонды этностардың құқықтарын, ерекшеліктерін басынқырап көрсету бар... Қазақстан аз ұлттарды құқықтық жағынан қорғаудың нағыз үлгісін жасады, оны дүниежүзілік қауымдастық мойындап отыр.” [10]

Қарқаралы петицияның жан дауыс ретінде көтерген ана тілімізде білім алу мәселесі барлық мектеп, университеттерде кеңінен етек жоюда. Қазақ тілінің мәртебесі біртіндеп дамып келеді.

Қорыта айтатын болсақ, осыдан жүз жыл бұрын Қарқаралы петициясын жазған қазақ халқының дарынды ұлдарының арман-тілектері мен мүдделері тек тәуелсіз Қазақстанда ғана

өзінің шешімін тауып, іс жүзіне асырылуда, әліде асырыла бермек. Көрегендік саяси-құқықтық идеялардың ғұмыры ұзақ болып, өзінің тиімділігімен адам игілігіне қызмет ету құқына ие екені ақиқат. Сондықтан Қарқаралы петициясы Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікірі тарихында жаңа заманда қабылданған либералды демократиялық және ұлттық құндылықтарды жариялаған, теңдік, бостандық идеясының нағыз жаршысы болған азаттықтың салтанатты манифесті. Оның мазмұнын осы тұрғыдан бағалау - өткен тарихымызды ақиқат дәрежесінде бағалау болып саналмақ. Қазақ халқы айтқандай: „Өзінді өзің сыйла-жат түнілсін” сөзі тәуелсіз Қазақстанда асқан парасатпен дәріптеле бермек.

Әдебиеттер:

1. А.Тоинби. Постижение истории. М.1990, 43 бет
2. Сәкен Өзбекұлы. Қазақстанның саяси-құқықтық ой-пікір тарихының өзекті мәселелері. Алматы, 2004, 118 б
3. Шоқан Уәлиханов. Таңдамалы. Алматы, 1985, 143 б
4. Қараныз: С.Өзбекұлы, А.Исмаилов. Ғұмар Қарашевтың қоғамдық-саяси және құқықтық көзқарастары. Алматы, 2005, 46 б
5. Қазақстан: мемлекеттілік кезеңдері. Алматы, Жеті Жарғы, 1997, 148 б
6. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, Жеті Жарғы, 2000, 9 б
7. Н.Ә.Назарбаев. 18 ақпан 2005 жылы Қазақстан халқына арнаған жолдауы
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, Жеті Жарғы, 2000, 7 б
9. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы, Жеті Жарғы, 2000, 23 б
10. Сәкен Өзбекұлы. Қазақстанда этникалық аз ұлттарды қолдауын құқықтық негіздері және ОБСЕ-нің Лундтық ұсыныстары (салыстырмалы талдау) // Диалог культуры. 2004, №1, 28 б

Правовой статус беженцев в международном праве

Беркалиева Ш.

*магистрант, специальность «международное право»
Университет «Астана»*

Получение статуса беженца является формальным подтверждением права человека на международную защиту или убежище. Формальное установление статуса беженца влечет за собой правовые последствия, которые заключаются в том, что положение определенного лица или группы удовлетворяет соответствующим правовым критериям. Лицо признается беженцем, как только его положение начинает соответствовать определению.

Защита беженцев подразумевает отнюдь не только согласие государства принять иностранного гражданина на своей территории и не высылать его в страну, где ему угрожает преследование. Как и всякий формальный статус, статус лица, ищущего убежища или беженца порождает сумму прав и обязанностей, совокупность которых характеризует юридическое положение лица в государстве, а также характер взаимоотношений между человеком и государством. Как правило, правовую связь индивида с государством определяет институт гражданства. Именно наличие гражданства гарантирует человеку защиту со стороны государства, а также пользование суммой прав, предоставляемых данным государством.

Специфика правового положения беженца определяется тем, что страна его гражданской принадлежности не гарантирует ему важнейшие права и свободы человека, что является причиной бегства и поиска защиты у другого государства. В результате, страна-убежище из гуманитарных соображений предоставляет иностранному гражданину права и обязанности вместо страны его гражданской принадлежности. Очевидно, что эта ситуация выходит за пределы действия национального законодательства и регулируется нормами международного права, основанных на признании ряда общечеловеческих прав и свобод. Вместе с тем, правовое положение беженцев определяется и действующим национальным законодательством в отношении прочих иностранных граждан, пребывающих в данном государстве, и собственных граждан этой страны.